

# Рамазан Сыздықовты еске алуға арналған Республикалық турнир өтті

Қазақ күресі мен самбодан Қазақстан Республикасының спорт шебері Рамазан Мырзағалиұлын еске алуға арналған дзюдо күресінен дәстүрлі турнир биылғы жылы қаламызда 11-ші мәрте ұйымдастырылып отыр.

Республикалық деңгейдегі жарысқа: Нұрсұлтаннан 3 команда, Степногорск, Қарағанды, Сәтпаев, Жаңаарқа, Рудный, Әулиеқол, Ұзынқол, Жангелдин, Аманкелді, Б. Майлин, Жітіқара аудан – қалаларынан және Арқалықтан 2003 – 2004 ж. ж. туған 250 – ге жуық палуан бақ сынады. Турнир салтанатты түрде ашылып, қала әкімі Қайрат Тынымбайұлы жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, спорт жанапшырларын марапаттады. Марқұмның жақындары да сөз алып, өңірдің спорт саласын дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматты ұрпақ жадынан шығармау жолындағы игі шара үшін алғыстарын жеткізді.

Екі күн бойы қос татамиде кіп мықтыда кім мықтыны анықтаған тартысты жарыс қорытындыланып үздіктердің есімі белгілі болды. Бұл бәсекеде Рамазан МЫРЗАҒАЛИҰЛЫ басқарған Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері, белгілі палуанның



Ізбасарлары бар екенін дәлелдеп намысты қолдан бермеді. Атап өтсек, 46 келіде Әділ АСАНХАН чемпион атанса, 48 келіде сынға түскен Аяжан ДҮЗЕЛБАЕВА алтыннан алқа тақты. Ал, Қабылан НҮРСҰЛТАН +81 келі салмақта өзіне тең келер мықтының жоғын дәлелдеп, жеңіс тұғырының бірінші сатысынан көрінді. Сондай ақ, 50 келіде Манас СЕЙІТҚҰЛ, 52 келіде Жансая БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, 55 келіде Махмұт ЕРСҰЛТАН 2 орынды жеңіп алса, 55 келіде Сұлтан БАЙМЫРЗА, 81 келі-

де Қайдар АСЫЛБЕК, 66 келіде Алматы СЕРКЕШОВ қоладан алқа тақты. Жеңімпаз және жүлдегер спортшылардың барлығы СШҰ атағын қорғағанын да айта кетейік.

Сондай ақ, командалық жарыс та ұйымдастырылып, Арқалықтың спортшылары Республикада үздіктердің қатарында екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Топтық жарыс нәтижесі бойынша: «Арқалық – 1» командасы 1 орынды, «Нұрсұлтан – 3» командасы 2 орынды және Рудный командасы 3 орынды олжалады.